«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
«№21«Қәусар бұлақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
2026 жылғы «__» _____
№ ___ бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

БАҒДАРЛАМА
«ШАХМАТ СТУДИЯСЫ»
4-6 жастағы балаларға арналған

Ақтөбе қаласы
2026 жыл

Бағдарлама негізі : Даулетова Г., Хуснутдинов Р. Шахматы. 3 класс. Учебное пособие. – 2018.

Құрастырған: №21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай –балабақша тәрбиешісі Жармагамбетова К А

Пайдаланушы: ересек, мектепалды топтары

№21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай-балабақшасы _педагогикалық кеңесінде **«ШАХМАТ СТУДИЯСЫ»** бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1 «25» «08 2026 жыл

№21 «Кәусар бұлақ»бөбекжай-балабақша меңгерушісі: А.Т.Казмұханбет

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында **«ШАХМАТ СТУДИЯСЫ»** бағдарламасы мақұлданды және талқыланды.

Хаттама № 2 31 08 2026жыл

Сараптау комиссиясы төрағасы М. О.Косымбаева

«Кәусар бұлақ» бөбекжай балабақшасы МКҚК -ның
тәрбиешісі К. А. Жармагамбетованың
«ШАХМАТ СТУДИЯСЫ» үйірмесінің жоспарына

ПІКІР

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың танымдық белсенділігін арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту, зейінін тұрақтандыру және өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру – заманауи білім беру үдерісінің маңызды бағыттарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, балабақша тәрбиеленушілеріне арналған «Шахмат студиясы» үйірмесінің 2 жылдық жоспары өзекті әрі тәрбиелік-білімдік маңызы жоғары әдістемелік жұмыс болып табылады.

Ұсынылып отырған жоспар мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктері мен психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып құрастырылған. Оқу материалының қарапайымнан күрделіге қарай жүйелі берілуі балалардың білімді жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді.

Жоспардың мазмұнында балалардың логикалық, кеңістіктік және стратегиялық ойлауын, есте сақтауын, зейінін, байқағыштығын дамытуға бағытталған түрлі ойындар мен практикалық тапсырмалар қарастырылған.

Екі жылға жоспарланған оқу мазмұны сабақтастық қағидасына негізделген. Бірінші кезеңде балалар шахмат әлемімен, тақтамен және фигуралармен танысып, қарапайым жүрістерді меңгерсе, кейінгі кезеңдерде шахматтық жағдайларды талдау, қарапайым комбинацияларды орындау, ойын ережелерін сақтау және өздігінен ойнау дағдылары қалыптастырылады.

Күтілетін нәтижелер нақты қойылып, балалардың білімін бақылау мен бағалауға мүмкіндік беретін әдістер қарастырылған.
Жалпы алғанда, «Шахмат үйірмесінің 2 жылдық жоспары» мазмұны жағынан жүйелі, құрылымы жағынан бірізді, мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сай құрастырылған.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ әдіскері К. И. Ерекеева

«ШАХМАТ СТУДИЯСЫ»
үйірмесі
ТҮСІНІК ХАТ

«Шахмат студиясы» үйірмесінің бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балаларды шахмат әлемімен таныстыруға, шахмат тақтасы мен фигураларын ажырата білуге, фигуралардың жүрісін меңгеруге, қарапайым шахматтық жағдайларды түсінуге және логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Шахмат – баланың тек зияткерлік қабілетін ғана емес, сонымен қатар шыдамдылық, ұқыптылық, жауапкершілік, өз әрекетін жоспарлау, қарсыласының әрекетін болжай білу және ережені сақтай білу сияқты тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік беретін ойын.

Бағдарламаның мақсаты

Мектепке дейінгі жастағы балалардың шахмат ойыны арқылы логикалық, танымдық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, зейінін, есте сақтауын, шыдамдылығын қалыптастыру және қарапайым шахматтық білім мен дағдыларды меңгерту.

Бағдарламаның міндеттері

Білімдік міндеттері:

- балаларды шахматтың шығу тарихымен және шахмат әлемімен таныстыру;
- шахмат тақтасының құрылымын меңгерту;
- шахмат фигураларының атауларын үйрету;
- фигуралардың орналасуы мен жүріс тәртібін меңгерту;

Дамытушылық міндеттері:

- логикалық және кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту;
- зейінін тұрақтандыру;
- есте сақтау қабілетін жетілдіру;

Тәрбиелік міндеттері:

- ұқыптылыққа тәрбиелеу;
- сабырлылық пен шыдамдылықты қалыптастыру;
-- өз әрекетін бақылауға және тәртіп сақтауға тәрбиелеу.

Бағдарлама төмендегі қағидаттарға сүйенеді:

1. Жас ерекшелігіне сәйкестік қағидаты – тапсырмалар баланың жасына және мүмкіндігіне сай беріледі.
2. Қарапайымнан күрделіге өту қағидаты – шахматтық білім біртіндеп күрделенеді.
3. Ойын арқылы оқыту қағидаты – теориялық білім ойындар мен қызықты тапсырмалар арқылы меңгертіледі.
4. Практикалық бағыттылық – алынған білімді шахмат тақтасында қолдануға мүмкіндік беріледі.

Бағдарламаның мазмұны

1. Шахмат әлемімен танысу
- шахматтың пайда болуы;
- шахмат тақтасы;
- ақ және қара түстер;
- шахмат фигураларымен танысу.

2. Шахмат фигураларын меңгеру
- пешка; ладья; піл; ат; ферзь; король.

3. Фигуралардың жүрісін үйрену
- фигуралардың қозғалыс бағыты;
- фигуралардың бір-бірімен байланысы;
- фигураларды қорғау;

4. Логикалық және шахматтық ойындар
«Фигураны тап»; «Қайда жүре алады?»; «Фигураны құтқар»; «Шахмат жолы» «Дұрыс жүрісті тап»; «Шахмат лабиринті»; «Шахматтық жұмбақтар».

Қорытынды
«Шахмат студиясы» бағдарламасы – мектепке дейінгі жастағы баланың зияткерлік және тұлғалық дамуына ықпал ететін танымдық-дамытушылық бағыттағы бағдарлама.

«ШАХМАТ СТУДИЯСЫ» ҮЙІРМЕСІ

4–5 жас жасқа арналған 72 сабақтың тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1	Шахмат әлеміне саяхат	1
2	Шахмат тақтасы	1
3	Шаршы. Ақ және қара шаршылар	1
4	Шахмат тақтасындағы бағыттар	1
5	Көлденең жол	1
6	Тік жол	1
7	Диагональ	1
8	Тақтадағы шаршыны табу ойындары	1
9	Шахмат фигураларымен танысу	1
10	Патша	1
11	Уәзір	1
12	Тура	1
13	Піл	1
14	Ат	1
15	Сарбаз	1
16	Фигураларды ажырату ойыны	1
17	Бастапқы позиция	1
18	Фигураларды тақтаға орналастыру	1
19	Патшаның жүру жолы	1
20	Патшамен жаттығулар	1
21	Уәзірдің жүру жолы	1
22	Уәзірмен жаттығулар	1
23	Туранның жүру жолы	1
24	Турамен жаттығулар	1
25	Пілдің жүру жолы	1
26	Пілмен жаттығулар	1
27	Аттың жүру жолы	1
28	Аттың «Г» тәрізді жүрісі	1
29	Атпен жаттығулар	1
30	Сарбаздың жүруі	1
31	Сарбаздың алға жүруі	1
32	Фигуралармен алу түсінігі	1
33	Патшамен алу	1
34	Уәзірмен алу	1
35	Тура және пілмен алу	1
36	Атпен алу	1
37	Сарбазбен алу	1
38	«Қай фигура ала алады?» ойыны	1
39	Фигураларға шабуыл түсінігі	1
40	Уәзірмен қауіпсіз шабуыл	1
41	Түрлі фигуралармен шабуыл	1
42	Екі фигураға шабуыл	1
43	Өз фигураңды қорғау	1
44	Шабуылдағы фигураны жылжыту	1

45	Фигураны басқа фигурамен қорғау	1
46	Қарсы шабуыл	1
47	Жолды бөгеу	1
48	Шабуыл жасаған фигураны алу	1
49	Шах ұғымына кіріспе	1
50	Патшаның қауіпсіздігі	1
51	Шахты байқау	1
52	Шахтан қарапайым қорғану	1
53	Мат ұғымына кіріспе	1
54	Мат пен шахтың айырмашылығы	1
55	Қарапайым матты табу	1
56	Матқа арналған ойын-жаттығулар	1
57	Пат ұғымы	1
58	Пат пен маттың айырмашылығы	1
59	Патқа мысалдар	1
60	Фигуралардың өзара байланысы	1
61	Қарапайым шахмат тапсырмалары	1
62	Шахмат тақтасында бағыт табу	1
63	Фигуралардың жүрісін қайталау	1
64	Фигуралармен алу. Қайталау	1
65	Шабуыл және қорғау. Қайталау	1
66	Шахтан қорғану. Қайталау	1
67	Мат пен пат. Қайталау	1
68	Шахматтық ойын ережелері	1
69	Жұппен шахмат ойыны	1
70	Жұппен шахмат ойыны	1
71	Қорытынды қайталау	1
72	Қорытынды шахмат ойыны	1

«ШАХМАТ СТУДИЯСЫ» ҮЙІРМЕСІ
4–5 жас жасқа арналған бағдарлама мазмұны

1. **Шахматпен танысу.** Шахмат деген не? Балаларға шахмат ойыны туралы алғашқы түсінік беру. Шахмат тақтасы мен фигураларды көрсету; ойынға қызығушылық ояту; шахматтың ойын ережесі бар екенін түсіндіру
2. **Шахмат тақтасы**. Шахмат тақтасының құрылымымен таныстыру. Тақтаның пішінін көрсету; ақ және қара түстерді ажырату; тақтаны дұрыс орналастыруға үйрету
3. **Шаршы.** Ақ және қара шаршылар. Шаршы туралы түсінік қалыптастыру7 Ақ және қара шаршыларды ажырату; шаршыларды санау; берілген түсті табуға жаттықтыру
4. **Шахмат тақтасындағы бағыттар**. Тақтада кеңістіктік бағыттарды бағдарлауға үйрету. Оңға, солға, жоғары, төмен бағыттарын көрсету; фигура қозғалысын бақылау; кеңістіктік ойлауды дамыту
5. **Көлденең жол.** Көлденең жол туралы түсінік беру. Көлденең бағытты көрсету; шаршыларды қатарымен табу; қарапайым ойындар ұйымдастыру
6. **Тік жол.** Тік жол туралы түсінік қалыптастыру. Тік бағытты көрсету; шаршыларды жоғары-төмен бағытта табу; практикалық жаттығу орындау
7. **Диагональ**. Диагональ ұғымымен таныстыру. Диагональды көрсету; оның қиғаш бағытта орналасатынын түсіндіру; түсті диагональдарды табуға үйрету
8. **Тақтадағы шаршыны табу ойындары**. Балалардың кеңістіктік бағдарлау қабілетін дамыту. Берілген шаршыны табу; түстер бойынша тапсырма орындау; зейінін шоғырландыру
9. **Шахмат фигураларымен танысу**. Шахмат фигуралары туралы жалпы түсінік қалыптастыру. Фигуралардың атауларын айту; сыртқы бейнесін ажырату; фигураларды салыстыру
10. **Патша**. Патшаның шахматтағы негізгі фигура екенін түсіндіру. Патшаны көрсету; атауын есте сақтау; оның бір шаршы жүретінін түсіндіру
11. **Уәзір**. Уәзірмен таныстыру. Уәзірдің атауын үйрету; сыртқы бейнесін көрсету; жүрісіне қызығушылық қалыптастыру
12. **Тура**. Тура фигурасымен таныстыру. Туранің атауын есте сақтау; сыртқы түрін ажырату; жүрісіне алғашқы түсінік беру
13. **Піл**. Піл фигурасымен таныстыру. Пілдің атауын үйрету; сыртқы бейнесін ажырату; диагональмен байланысын көрсету
14. **Ат**. Ат фигурасымен таныстыру. Аттың атауын үйрету; сыртқы түрін көрсету; ерекше жүрісі туралы қызығушылық ояту
15. **Сарбаз.** Сарбаз фигурасымен таныстыру. Сарбаздың атауын айту; оның басқа фигуралардан ерекшелігін түсіндіру; алға жүретінін көрсету
16. **Фигураларды ажырату ойыны**. Өткен фигураларды бекіту. Фигураларды атау; көрсетілген фигураны табу; есте сақтауын дамыту

17.**Бастапқы позиция**. Шахматтағы бастапқы орналасу туралы түсінік беру. Фигуралардың орналасуын көрсету; ақ және қара жақты ажырату; тақтадағы реттілікті есте сақтау

18. **Фигураларды тақтаға орналастыру**. Фигураларды бастапқы орындарына қоюға үйрету. Фигуралардың орнын көрсету; дұрыс орналастыру; жұптық жаттығу ұйымдастыру

19.**Патшаның жүру жолы**. Патшаның жүру ережесін меңгерту. Бір шаршыға жүруді көрсету; барлық бағыттарды түсіндіру; қауіпсіз шаршыны таңдауға үйрету

20.**Патшамен жаттығулар**. Патша жүрісін бекіту. Тақтада патшаны жүргізу; берілген шаршыға жеткізу; қарапайым ойын ұйымдастыру

21.**Уәзірдің жүру жолы**. Уәзірдің жүрісін үйрету. Көлденең, тік және диагональ бағыттарын көрсету; жүріс жолын бақылау

22.**Уәзірмен жаттығулар**. Уәзір жүрісін бекіту. Берілген шаршыға уәзірді жеткізу; кедергіні анықтау; қарапайым тапсырмалар орындау

23.**Туранының жүру жолы**. Туранының жүру ерекшелігін үйрету. Көлденең және тік бағыттарды көрсету; жолдағы кедергіні байқау

24.**Турамен жаттығулар**. Туранының жүрісін бекіту. Берілген бағытпен жүру; шаршыны табу; практикалық жаттығу орындау

25.**Пілдің жүру жолы**. Пілдің диагональ бойынша жүретінін түсіндіру. Диагональ бағытын қайталау; пілді диагональ бойынша жүргізу; түрлі түсті шаршыларды бақылау

26.**Пілмен жаттығулар**. Пілдің жүрісін бекіту. Берілген шаршыға пілді жеткізу; кедергілерді анықтау; ойын тапсырмасын орындау

27.**Аттың жүру жолы**. Аттың ерекше жүрісін түсіндіру. Аттың жүрісін көрсету; «Г» тәрізді қозғалысты түсіндіру; жаттығу орындау

28. **Аттың «Г» тәрізді жүрісі.** Аттың ерекше қозғалысын бекіту. Екі шаршы және бір шаршы принципін көрсету; ат баратын шаршыларды табу

29.**Атпен жаттығулар.** Аттың жүрісін практикада қолдану. Берілген шаршыға атпен жету; дұрыс және бұрыс жүрісті ажырату

30.**Сарбаздың жүруі.** Сарбаздың алға қозғалысын үйрету. Сарбаздың бағытын көрсету; алға жүрісін орындау; бастапқы орнын түсіндіру

31.**Сарбаздың алға жүруі**. Сарбаз жүрісін бекіту. Сарбаздарды бір-бірлеп жылжыту; алға бағытты анықтау; ойын арқылы бекіту

32.**Фигуралармен алу түсінігі**. Фигураны алу туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Қарсылас фигурасын алу ұғымын түсіндіру; алу мен жүрудің айырмашылығын көрсету

33.**Патшамен алу**. Патшаның алу мүмкіндігін көрсету. Қауіпсіз шаршыны таңдау; қарсы фигураны алу; патшаны қауіпке қоймау

34.**Уәзірмен алу.** Уәзір арқылы фигура алуды үйрету. Уәзірдің жүріс бағытын пайдалану; қарсы фигураны табу; алу әрекетін орындау

35.Тура және пілмен алу. Тура мен пілдің алу ерекшелігін бекіту. Туранық тік/көлденең, пілдің диагональ жүрісін пайдалану; фигураны алу

36.Атпен алу. Аттың ерекше алу жүрісін меңгерту. Аттың жүретін шаршыларын табу; қарсы фигураны алу; дұрыс жүрісті таңдау

37.Сарбазбен алу. Сарбаздың қиғаш алу жүрісін үйрету. Сарбаздың алға және қиғаш қозғалысын ажырату; қарсы фигураны алу

38.«Қай фигура ала алады?» ойыны. Фигуралардың алу мүмкіндігін бекіту. Берілген жағдайды талдау; дұрыс фигураны таңдау; жылдам ойлау қабілетін дамыту

39.Фигураларға шабуыл түсінігі. Шабуыл ұғымын енгізу. Фигураға қауіп төндіруді көрсету; шабуылдағы фигураны анықтау

40.Уәзірмен қауіпсіз шабуыл. Уәзірмен қарапайым шабуыл жасауға үйрету. Қауіпсіз жолды таңдау; қарсы фигураға шабуыл жасау; өз уәзірін қорғау

41.Түрлі фигуралармен шабуыл. Әртүрлі фигуралардың шабуыл мүмкіндігін көрсету. Тура, піл, ат және уәзірмен шабуыл жасау; шабуыл бағыттарын салыстыру

42.Екі фигураға шабуыл. Қос шабуыл туралы алғашқы түсінік беру. Екі нысанаға қауіп төндіруді көрсету; фигуралардың орналасуын бақылау

43.Өз фигураңды қорғау. Қорғану туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Қауіптегі фигураны анықтау; оны қорғаудың жолын көрсету

44.Шабуылдағы фигураны жылжыту. Қауіптен шығудың қарапайым тәсілін үйрету. Шабуылдағы фигураны анықтау; қауіпсіз шаршы таңдау; дұрыс жүріс жасау

45.Фигураны басқа фигурамен қорғау. Фигураларды бір-біріне қолдау көрсетуге үйрету. Қорғаушы фигураны таңдау; фигуралардың байланысын көрсету

46.Қарсы шабуыл. Қорғанудың белсенді тәсілімен таныстыру. Қауіптен қорғану; қарсы шабуыл мүмкіндігін табу; шешім қабылдауға үйрету

47.Жолды бөгеу. Шабуыл жолын жабу туралы түсінік беру. Фигуралардың қозғалыс жолын анықтау; жолды басқа фигурамен жабу

48.Шабуыл жасаған фигураны алу. Қауіпті фигураны жою тәсілін үйрету. Шабуыл жасаған фигураны анықтау; оны алу мүмкіндігін табу

49.Шах ұғымына кіріспе. Шах туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Патшаға шабуыл жағдайын көрсету; шах сөзін енгізу; қауіпті анықтау

50.Патшаның қауіпсіздігі. Патшаны қорғаудың маңызын түсіндіру. Патшаға қауіп төндіретін жағдайларды көрсету; қауіпсіз шаршыны таңдау

51.Шахты байқау. Шах жағдайын анықтауға үйрету. Патшаға шабуыл жасалған жағдайларды көрсету; шахты табу

52.Шахтан қарапайым қорғану. Шахтан шығудың қарапайым жолдарын үйрету. Патшаны жылжыту; шабуыл жолын жабу; қауіпсіз жүріс таңдау

53.Мат ұғымына кіріспе. Мат туралы алғашқы түсінік беру. Шах пен матты салыстыру; патшаның қашатын жолы жоқ жағдайды көрсету

54.Мат пен шахтың айырмашылығы. Шах пен матты ажыратуға үйрету. Екі жағдайды салыстыру; мысалдарды талдау; дұрыс жауапты таңдау

55.Қарапайым матты табу. Бір қарапайым мат жағдайын анықтауға үйрету. Патшаның жүріс мүмкіндігін қарау; матты табу; ойлау қабілетін дамыту

56.Матқа арналған ойын-жаттығулар. Мат туралы білімді бекіту. Қарапайым мат позицияларын орындау; фигураларды дұрыс орналастыру

57.Пат ұғымы. Пат туралы түсінік қалыптастыру. Паттың ерекшелігін көрсету; пат пен матты салыстыру

58.Пат пен маттың айырмашылығы. Пат пен матты ажыратуға үйрету. Патшаның шахта жоқ екенін көрсету; жүріс мүмкіндігін салыстыру

59.Патқа мысалдар. Пат жағдайын анықтау дағдысын қалыптастыру. Түрлі позицияларды көрсету; патты табу; дұрыс жауапты таңдау

60.Фигуралардың өзара байланысы. Фигуралардың бірлесіп әрекет етуін түсіндіру. Бір фигураның екіншісін қорғауын көрсету; фигуралардың үйлесімділігін дамыту

61.Қарапайым шахмат тапсырмалары. Өткен материалдарды бекіту. Жүріс, алу, шабуыл, қорғау бойынша тапсырмалар орындау; зейінді дамыту

62.Шахмат тақтасында бағыт табу. Кеңістіктік бағдарлау дағдысын жетілдіру. Көлденең, тік, диагональ бағыттарды қайталау; шаршыны жылдам табу

63.Фигуралардың жүрісін қайталау. Барлық фигуралардың жүрістерін бекіту. Фигураларды салыстыру; дұрыс жүрісті таңдау; практикалық жаттығу

64.Фигуралармен алу. Қайталау. Алу дағдысын бекіту. Әртүрлі фигуралармен алу; алу жолдарын салыстыру; қателерді түзету

65.Шабуыл және қорғау. Қайталау. Шабуыл мен қорғауды бекіту. Қауіпті фигураны анықтау; шабуыл жасау; қорғаушы фигураны таңдау

66.Шахтан қорғану. Қайталау. Шахтан қорғану тәсілдерін бекіту. Шахты анықтау; патшаны жылжыту; шабуылды тоқтату

67.Мат пен пат. Қайталау. Мат пен пат туралы білімді жүйелеу. Екі жағдайды салыстыру; позицияларды талдау; дұрыс жауапты табу

68.Шахматтық ойын ережелері. Шахмат ойынының қарапайым тәртібін меңгерту. Кезекпен жүруді үйрету; фигураны дұрыс қозғау; қарсыласын тыңдауға тәрбиелеу

69.Жұппен шахмат ойыны. Алған білімді практикалық ойын барысында қолдану. Жұппен ойнау; фигураларды дұрыс орналастыру; кезек сақтау

70.Жұппен шахмат ойыны. Балалардың өздігінен ойнау дағдысын дамыту. Дұрыс жүрісті таңдау; қарсыласының жүрісін бақылау; мәдениетті ойынға тәрбиелеу

71.Қорытынды қайталау. Жыл бойы меңгерілген білімді бекіту. Тақта, фигура, жүріс, алу, шабуыл, қорғау, шах, мат, патты қайталау

72.Қорытынды шахмат ойыны. Балалардың жыл бойғы білімін практикада көрсету. Шахмат ойынын ұйымдастыру; өз бетінше жүріс жасауға мүмкіндік беру; жетістігін мадақтау

«ШАХМАТ СТУДИЯСЫ» ҮЙІРМЕСІ

5–6 жас жасқа арналған 72 сабақтың тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Шахмат тақтасы мен фигураларды қайталау	1
2	Бастапқы позицияны қайталау	1
3	Фигуралардың жүрістерін қайталау	1
4	Фигуралармен алу. Қайталау	1
5	Сарбаздың жүрісі мен алуы	1
6	Фигуралардың құндылығы	1
7	Патшаның қауіпсіздігі	1
8	Шабуыл және қорғау	1
9	Қауіпсіз шабуыл	1
10	Бір фигураға шабуыл жасау	1
11	Екі фигураға шабуыл	1
12	Шабуылдағы фигураны қорғау	1
13	Қорғалған және қорғалмаған фигура	1
14	Фигураны қауіптен алып кету	1
15	Қарсы шабуыл	1
16	Жолды бөгеу	1
17	Шабуыл жасаған фигураны жою	1
18	Шабуыл және қорғау бойынша ойын	1
19	Шах дегеніміз не?	1
20	Шахты табу	1
21	Шахтан патшаның қашуы	1
22	Шахтан фигурамен қорғану	1
23	Шах берген фигураны алу	1
24	Шахтан қорғанудың үш тәсілі	1
25	Шахты іздеу жаттығулары	1
26	Шахтан қорғану жаттығулары	1
27	Мат дегеніміз не?	1
28	Матты шахтан ажырату	1
29	Бір жүрісте мат	1
30	Бір жүрісте мат. Жаттығулар	1
31	Мат іздеу. Уәзір мен патша	1
32	Мат іздеу. Тура мен патша	1
33	Матқа арналған есептер	1
34	Мат қою бойынша ойын	1
35	Пат дегеніміз не?	1
36	Пат пен матты салыстыру	1
37	Пат жасау	1
38	Патқа жол бермеу	1
39	Пат арқылы партияны құтқару	1
40	Паттың алдын алу жаттығулары	1
41	Қарапайым тактикаға кіріспе	1
42	Қос шабуыл	1
43	Қорғалмаған фигураны табу	1

44	Фигураға шабуыл жасау және алу	1
45	Фигураны қорғау	1
46	Қарсы шабуыл арқылы қорғану	1
47	Шабуыл мен қорғауды салыстыру	1
48	Тактикалық ойын-жаттығулар	1
49	Бір жүрісте ең жақсы жүрісті табу	1
50	Қарсыластың жүрісін болжау	1
51	«Мен жүрсем, ол не істейді?» ойыны	1
52	Фигуралардың бірлескен әрекеті	1
53	Патша мен уәзірдің әрекеті	1
54	Патша мен туранның әрекеті	1
55	Сарбаздардың алға жылжуы	1
56	Сарбазбен шабуыл және алу	1
57	Шах қоюға арналған тапсырмалар	1
58	Шахтан қорғануға арналған тапсырмалар	1
59	Бір жүрістік маттар	1
60	Патқа арналған тапсырмалар	1
61	Аралас шахмат есептері	1
62	Шахмат партиясының негізгі ережелері	1
63	Партияны бастау	1
64	Партия барысында фигураларды дамыту	1
65	Патшаны қорғау және шабуылдау	1
66	Толық шахмат партиясы	1
67	Толық шахмат партиясы	1
68	Шахмат есептері бойынша жарыс	1
69	«Кім мат қояды?» ойыны	1
70	Шахматтық эстафета	1
71	Қорытынды қайталау	1
72	Қорытынды шахмат турнирі	1

«ШАХМАТ СТУДИЯСЫ» ҮЙІРМЕСІ
5- 6 жас жасқа арналған бағдарлама мазмұны

1. **Шахмат тақтасы мен фигураларды қайталау.** Бұрынғы білімді еске түсіру және бекіту Тақтаны дұрыс орналастыру; фигураларды атау; жүрістерін еске түсіру
2. **Бастапқы позицияны қайталау**. Фигуралардың бастапқы орналасуын бекіту. Фигураларды дұрыс ретпен орналастыру; ақ және қара жақты ажырату
3. **Фигуралардың жүрістерін қайталау.** Барлық фигуралардың жүрістерін жүйелеу. Фигураларды салыстыру; дұрыс жүрісті таңдау; практикалық тапсырма орындау.
4. **Фигуралармен алу. Қайталау**. Алу дағдысын жетілдіру. Әр фигураның алу ерекшелігін салыстыру; дұрыс жүрісті таңдау
5. **Сарбаздың жүрісі мен алуы.** Сарбаздың қозғалысын тереңірек меңгерту. Алға жүру мен қиғаш алуды ажырату; бірнеше сарбазбен жаттығу
6. **Фигуралардың құндылығы.** Фигуралардың салыстырмалы құндылығы туралы түсінік қалыптастыру Фигураларды салыстыру; жеңіл және маңызды фигураларды ажыратуға үйрету
7. **Патшаның қауіпсіздігі**. Патша қауіпсіздігінің маңызын түсіндіру. Патшаға қауіп төндіретін жағдайды анықтау; қауіпсіз жүрісті таңдау
8. **Шабуыл және қорғау**. Шабуыл мен қорғау байланысын түсіндіру. Шабуылдағы және қорғалған фигураны анықтау; дұрыс шешім таңдау
9. **Қауіпсіз шабуыл**. Қарсылас фигурасына қауіпсіз шабуыл жасауға үйрету. Шабуыл жолын тексеру; өз фигурасын қауіпке қоймау; тиімді жүрісті таңдау
10. **Бір фигураға шабуыл жасау**. Нысанаға бағытталған шабуылды қалыптастыру. Қарсы фигураны таңдау; шабуыл бағытын анықтау; жүрісті орындау
11. **Екі фигураға шабуыл**. Қос шабуылдың қарапайым түрін меңгерту. Екі нысананы бақылау; тиімді жүрісті табу; назарын бірнеше объектіге бөлу
12. **Шабуылдағы фигураны қорғау**. Қорғанудың тиімді тәсілдерін үйрету. Қауіптегі фигураны анықтау; қорғаушы фигураны таңдау; шешім қабылдау
13. **Қорғалған және қорғалмаған фигура**. Фигураның қауіпсіздігін бағалауға үйрету. Қорғаушы фигураларды табу; қорғалмаған фигураны анықтау
14. **Фигураны қауіптен алып кету.** Қауіптен шығу жолын таңдауға үйрету. Қауіпті анықтау; бірнеше жүрістің ішінен қауіпсізін таңдау
15. **Қарсы шабуыл**. Белсенді қорғаныс тәсілін қалыптастыру. Қауіптен қорғану; қарсы нысана табу; жүрістің салдарын болжау
16. **Жолды бөгеу**. Шабуыл бағытын жабу тәсілін меңгерту. Фигураның шабуыл жолын анықтау; бөгейтін шаршыны табу
17. **Шабуыл жасаған фигураны жою**. Қорғанудың белсенді тәсілін үйрету. Қауіпті фигураны анықтау; оны алу мүмкіндігін табу
18. **Шабуыл және қорғау бойынша ойын**. Алған білімді ойын жағдайында

қолдану. Шабуыл жасау; қорғау; жүрістің нәтижесін бағалау

19. **Шах дегеніміз не?** Шах ұғымын терең түсіндіру. Шахты анықтау; патшаның қауіпте тұрғанын түсіндіру
20. **Шахты табу**. Шах жағдайын жылдам анықтау. Түрлі позицияларды қарау; патшаға шабуыл бағытын табу
21. **Шахтан патшаның қашуы**. Патшаны қауіпсіз шаршыға шығаруды үйрету. Қауіпсіз шаршыларды анықтау; дұрыс жүрісті таңдау
22. **Шахтан фигурамен қорғану**. Шахты жабу тәсілін меңгерту. Шабуыл Жолын анықтау; оны фигурамен жабу; дұрыс шешім таңдау
23. **Шах берген фигураны алу**. Шахтан қорғанудың белсенді тәсілін үйрету. Шах берген фигураны анықтау; оны алу мүмкіндігін тексеру
24. **Шахтан қорғанудың үш тәсілі.** Шахтан қорғану тәсілдерін жүйелеу. Патшаның қашуы, шабуылды жабу, шабуылдаушыны алу тәсілдерін қайталау
25. **Шахты іздеу жаттығулары**. Шах қою дағдысын дамыту. Берілген позициядан шахты табу; бірнеше нұсқаны қарастыру
26. **Шахтан қорғану жаттығулары**. Қорғану дағдысын бекіту. Шах жағдайын талдау; тиімді қорғаныс тәсілін таңдау
27. **Мат дегеніміз не?**. Мат ұғымын толық түсіндіру. Шах пен матты салыстыру; патшаның қашатын жолын тексеру
28. **Матты шахтан ажырату.** Мат пен шахтың айырмашылығын бекіту. Патшаның қорғану мүмкіндігін тексеру; позицияларды салыстыру
29. **Бір жүрісте мат**. Бір жүрісте мат табуға үйрету. Фигуралардың шабуыл бағытын талдау; мат жүрісін таңдау
30. **Бір жүрісте мат. Жаттығулар.** Бір жүрістік матты бекіту. Бірнеше позицияны шешу; дұрыс жүрісті таңдау; ойлау жылдамдығын дамыту
31. **Мат іздеу. Уәзір мен патша**. Уәзір мен патшаның бірлескен әрекетін түсіндіру. Патшаны шектеу; уәзірдің мат қоюдағы рөлін көрсету
32. **Мат іздеу. Тура мен патша**. Тура мен патшаның бірлескен әрекетін үйрету. Патшаны шектеу; турамен мат қоюды көрсету
33. **Матқа арналған есептер.** Логикалық ойлауын дамыту. Бір жүрістік маттарды шешу; бірнеше нұсқаны салыстыру
34. **Мат қою бойынша ойын**. Мат қоюды ойын барысында бекіту. Мат жағдайын құру; дұрыс жүрісті таңдау; жұппен жұмыс жасау
35. **Пат дегеніміз не?** Пат ұғымын терең түсіндіру. Паттың ерекшелігін көрсету; пат пен матты салыстыру
36. **Пат пен матты салыстыру**. Екі жағдайдың айырмашылығын бекіту. Патшаға шах бар-жоғын тексеру; жүріс мүмкіндігін анықтау
37. **Пат жасау**. Пат жағдайын құруға үйрету. Патшаның жүрісін шектеу; шах бермей барлық жүрістерді жабу
38. **Патқа жол бермеу**. Паттың алдын алуға үйрету. Пат қаупін анықтау; балама жүрісті таңдау
39. **Пат арқылы партияны құтқару**. Паттың практикалық маңызын түсіндіру.

Қиын позицияны бағалау; пат мүмкіндігін табу

40. **Паттың алдын алу жаттығулары.** Пат қаупін болжау қабілетін дамыту. Бірнеше позицияны талдау; тиімді жүрісті таңдау
41. **Қарапайым тактикаға кіріспе**. Тактикалық ойлаудың алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Жүріс салдарын болжау; тиімді жүрісті іздеу
42. **Қос шабуыл**. Қос шабуыл тәсілін меңгерту. Бір жүріспен екі нысанаға шабуыл жасау; тиімді жүрісті таңдау
43. **Қорғалмаған фигураны табу**. Қорғалмаған фигураны анықтау дағдысын дамыту. Фигуралардың қорғанысын тексеру; қауіпсіз және қауіпті фигураларды салыстыру
44. **Фигураға шабуыл жасау және алу.** Шабуыл мен алуды бірізді қолдануға үйрету. Алдымен шабуыл, кейін алу мүмкіндігін бағалау; тиімді жүрісті таңдау
45. **Фигураны қорғау**. Фигураны қорғаудың бірнеше тәсілін меңгерту. Қорғаушы фигураны табу; қорғаныс позициясын құру
46. **Қарсы шабуыл арқылы қорғану**. Белсенді қорғаныс дағдысын дамыту. Қауіпті анықтау; қарсы шабуыл жасау; нәтижесін болжау
47. **Шабуыл мен қорғауды салыстыру**. Жағдайды бағалау қабілетін дамыту. Шабуыл және қорғаныс мүмкіндіктерін салыстыру; тиімді шешім таңдау
48. **Тактикалық ойын-жаттығулар**. Тактикалық білімді бекіту. Қос шабуыл, алу, қорғау бойынша тапсырмалар орындау; зейінді дамыту
49. **Бір жүрісте ең жақсы жүрісті табу**. Тиімді жүрісті таңдау дағдысын қалыптастыру. Бірнеше мүмкін жүрісті қарау; ең тиімдісін таңдау
50. **Қарсыластың жүрісін болжау**. Алдын ала ойлау қабілетін дамыту. Қарсыластың мақсатын анықтау; келесі жүрісті болжау
51. **«Мен жүрсем, ол не істейді?» ойыны**. Себеп-салдарлық ойлауды дамыту. Өз жүрісінің нәтижесін болжау; қарсыластың жауабын қарастыру
52. **Фигуралардың бірлескен әрекеті.** Фигураларды үйлестіріп қолдануға үйрету. Екі немесе бірнеше фигураның өзара көмегін көрсету; бірлескен шабуыл құру
53. **Патша мен уәзірдің әрекеті**. Патша мен уәзір арқылы мат қоюды бекіту. Патшамен қолдау көрсету; уәзірмен кеңістікті шектеу
54. **Патша мен туранының әрекеті** . Патша мен туранының бірлескен әрекетін меңгерту. Турамен жолды жабу; патшамен қолдау көрсету
55. **Сарбаздардың алға жылжуы**. Сарбаздардың қозғалысын жетілдіру. Сарбаздарды тиімді орналастыру; алға қозғалысты жоспарлау
56. **Сарбазбен шабуыл және алу**. Сарбаздың тактикалық мүмкіндігін бекіту. Сарбаздың алуы мен қозғалысын салыстыру; тиімді жүріс таңдау
57. **Шах қоюға арналған тапсырмалар**. Шах қою дағдысын бекіту. Әртүрлі фигуралармен шах қою; қауіпсіздігін тексеру
58. **Шахтан қорғануға арналған тапсырмала.** Шахтан қорғану дағдысын жетілдіру. Үш қорғаныс тәсілін қолдану; тиімді шешім таңдау

59. **Бір жүрістік маттар**. Бір жүрістік матты жылдам табуға үйрету. Мат позициясын талдау; дұрыс жүрісті таңдау
60. **Патқа арналған тапсырмалар**. Патты анықтау және алдын алу дағдысын бекіту. Пат позицияларын талдау; патқа әкелетін жүрістерді анықтау
61. **Аралас шахмат есептері**. Әртүрлі шахматтық жағдайларды талдау. Шабуыл, қорғау, шах, мат, пат бойынша есептер шешу
62. **Шахмат партиясының негізгі ережелері.** Толық партия ойнауға дайындау. Кезекпен жүру; дұрыс жүріс жасау; ойын тәртібін сақтау
63. **Партияны бастау**. Шахмат партиясын дұрыс бастауға үйрету. Фигураларды бастапқы орналастыру; алғашқы жүрістерді орындау
64. **Партия барысында фигураларды дамыту.** Фигураларды ойынға тиімді енгізу туралы түсінік беру. Фигураларды белсенді орналастыру; патша қауіпсіздігін ескеру
65. **Патшаны қорғау және шабуылдау**. Патша қауіпсіздігі мен шабуыл байланысын түсіндіру. Патшаға қауіп төндіру; патшаны қорғау; дұрыс шешім таңдау
66. **Толық шахмат партиясы**. Алған білімдерін толық партияда қолдану . Өздігінен жүріс жасау; қарсыластың әрекетін бақылау; ережені сақтау
67. **Толық шахмат партиясы**. Шахмат ойнау тәжірибесін жетілдіру. Тактикалық мүмкіндікті пайдалану; фигураларды қорғау; партияны соңына дейін жеткізу
68. **Шахмат есептері бойынша жарыс**. Білімді жарыс арқылы бекіту. Есептерді жылдам шешу; зейін мен ойлау жылдамдығын дамыту
69. **«Кім мат қояды?» ойыны**. Мат қою дағдысын ойын арқылы бекіту. Мат позицияларын табу; дұрыс жүрісті таңдау; қарсыласты сыйлауға тәрбиелеу
70. **Шахматтық эстафета**. Өткен білімдерді қызықты ойын арқылы қайталау. Фигураларды тану; жүрістерді орындау; есептер шешу; топпен жұмыс жасау
71. **Қорытынды қайталау**. Екі жылдық материалды жүйелеу. Фигуралар, жүрістер, алу, шабуыл, қорғау, шах, мат, пат және тактиканы қайталау
72. **Қорытынды шахмат турнирі**. Балалардың шахматтық дағдыларын қорытындылау. Өздігінен партия ойнау; ойын ережесін сақтау; қарсыласына құрмет көрсету

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Даулетова Г., Хуснутдинов Р. Шахматы. 3 класс. Учебное пособие. – 2018.
2. Хасанова Ф., Даулетова Г. Шахматы. 2 класс. Рабочая тетрадь №1, №2. – 2017.
3. Қазақстан шахмат федерациясы. Шахматы в образовании. Бастапқы деңгей. Оқыту бағдарламалары мен әдістемелік материалдар.
4. Қазақстан шахмат федерациясы. Балаларға шахмат үйрету әдістемесі.
5. Сухин И. Г. Шахматы для самых маленьких. – Москва: АСТ, 2010.
6. Сухин И. Г. Шахматы, первый год, или Учусь и играю. – Обнинск: Духовное возрождение, 2011.

Қосымша әдебиеттер:

7. Сухин И. Г. Шахматные сказки. – Москва.
8. Костров В., Давлетов Д. Шахматная азбука.
9. Гришин В. Г. Малыши играют в шахматы. – Москва: Просвещение.
10. Шахматная энциклопедия для детей. – Москва.
11. Қазақстан шахмат федерациясының педагогтер мен жаттықтырушыларға арналған әдістемелік материалдары.
12. Шахмат ойынының негізгі ережелері мен халықаралық шахмат ережелері бойынша оқу-әдістемелік материалдар.
15. Мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық, зияткерлік және танымдық қабілеттерін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар жинақтары.

Электрондық ресурстар:

16. Қазақстан шахмат федерациясының «Шахматы в образовании» оқу-әдістемелік платформасы.
17. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі – «Әділет» ақпараттық жүйесі.